

## 2012 жылға жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Бірғыз аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 19 сәуірдегі № 62 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 25 мамырда № 3-5-160 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Бірғыз аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 28 мамырдағы № 84; 2012 жылғы 4 маусымдағы № 88 қаулыларымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Бірғыз аудандық әкімдігінің 2012.05.28 № 84; 2012.06.04 № 88 Қаулыларымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7, 18-2 баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жастар практикасынан өту үшін жұмыс орындарын беретін жұмыс берушілердің ұсынылған тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Меншік түрлеріне қарамастан жұмыс берушілерге 6 айға дейінгі мерзімге 26000 теңге көлімінде жалақыны субсидиялай отырып, жастар практикасынан өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыруға «Бірғыз аудандық жұмыспен қамту орталығы» мемлекеттік мекемесімен келісім-шартқа отыру ұсынылсын.

3. «Бірғыз аудандық жұмыспен қамту орталығы» мемлекеттік мекемесі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген 29 жасқа дейінгі түлектерді б а ғ ы т т а с ы н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А . Ш а х и н г е жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 наурыздан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

*Аудан әкімі*

*М.ДУАНБЕКОВ*

Аудан әкімдігінің 2012 жылғы  
19 сәуірдегі № 62  
қаулысына қосымша

## Жастар практикасынан өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесі

p/c	Жұмыс берушінің атауы	мамандығы	Жоспарланған жұмыс орындарының саны	Айлық еңбекақы мөлшері	Ж а с т а р практикасының жоспарланған ұзақтығы, ай бойынша
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕР					
1	«Бірғыз селолық округі әкімінің аппараты» ММ	Мемлекеттік жергілікті басқару	2	26000	6 айға дейін
		Қаржыгер	3	26000	6 айға дейін
		Техник-бағдарламашы	2	26000	6 айға дейін
2	«Аманкөл селолық округі әкімінің аппараты» ММ	Қаржыгер	1	26000	6 айға дейін
		Техник-бағдарламашы	1	26000	6 айға дейін
3	«Қызылжар селолық округі әкімінің аппараты» ММ	Мемлекеттік жергілікті басқару	1	26000	6 айға дейін
		Ақпараттық жүйелер	1	26000	6 айға дейін
4	«Құмтоғай селолық округі әкімінің аппараты» ММ	қаржыгер	1	26000	6 айға дейін
5	«Нұра селолық округі әкімінің аппараты» ММ	қаржыгер	2	26000	6 айға дейін
6	«Тәуіп селолық округі әкімінің аппараты» ММ	Экономист-бухгалтер	2	26000	6 айға дейін
7	«Бірғыз аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ	Техник-құрылысшы	1	26000	6 айға дейін
		Сәулетші	1	26000	6 айға дейін
		дизайнер	1	26000	6 айға дейін
8	«Бірғыз аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ	Есеп және аудит	1	26000	6 айға дейін
9	«Бірғыз аудандық ішкі істер бөлімі» ММ	Техник-бағдарламашы	1	26000	6 айға дейін
		Құқық және экономика негіздері	1	26000	6 айға дейін
10	«Бірғыз аудандық әділет басқармасы» ММ	заңгер	1	26000	6 айға дейін
		құқықтану	7	26000	6 айға дейін
11	«Бірғыз аудандық ауыл шаруашылық және ветеринария бөлімі» ММ	Бухгалтер-аудит	1	26000	6 айға дейін
		Экономист-бухгалтер	2	26000	6 айға дейін
12	«Бірғыз аудандық қаржы бөлімі» ММ	Қаржы	1	26000	6 айға дейін
13	«Бірғыз аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ	Қаржы	1	26000	6 айға дейін
14	«Бірғыз ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы» ММ	Гигиенист- эпидемиолог	1	26000	6 айға дейін

15	«Бірғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты» ММ	Техник-эколог	1	26000	6 айға дейін
		Экология және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану	10	26000	6 айға дейін
		Есеп және аудит	1	26000	6 айға дейін
16	«Бірғыз ауданы бойынша салық басқармасы» ММ	Қаржы	1	26000	6 айға дейін
17	«Бірғыз аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ	Экономист-бухгалтер	2	26000	6 айға дейін
18	«Бірғыз аудандық өрт сөндіру бөлімі» ММ	Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану	1	26000	6 айға дейін
19	«Бірғыз аудандық мәслихаты» ММ	Мемлекеттік және жергілікті басқару	1	26000	6 айға дейін
20	«Бірғыз аудандық төтенше жағдайлар бөлімі» ММ	Құқықтану	1	26000	6 айға дейін
21	«Бірғыз аудандық статистика басқармасы» ММ	Техник-бағдарламашы	1	26000	6 айға дейін
22	«Санитарлық эпидемиологиялық сараптама орталығы» ММ	Органикалық заттардың химиялық технологиясы	1	26000	6 айға дейін
23	«Бірғыз аудандық орталық ауруханасы» ММ	Емдеу ісі	3	26000	6 айға дейін
24	«Қаракұдық негізгі мектебі» ММ	Техник-бағдарламашы	1	26000	6 айға дейін
25	«Шаттық балабақшасы» ММ	Қаржы	1	26000	6 айға дейін

#### АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ

1	«Қазпошта» АҚ	Экономист-бухгалтер	1	26000	6 айға дейін
		Автоматтандыру және басқару	1	26000	6 айға дейін

#### ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІКТЕР

1	«Наурыз-СИМ» ЖШС	Техник-механик	1	26000	6 айға дейін
		Техник-бағдарламашы	1	26000	6 айға дейін
		Техник-электрик	1	26000	6 айға дейін
		Қаржыгер	1	26000	6 айға дейін
2	«МТС» ӨК	Техник-электрик	1	26000	6 айға дейін
		бухгалтер	2	26000	6 айға дейін
3	«Сұлтан-Бейбарыс» ШҚ	экономист	1	26000	6 айға дейін
4	«Кең дала» ШҚ	Менеджмент	1	26000	6 айға дейін
5	«Барыс-62» ЖШС	Автокөлік транспортын жөндеу	1	26000	6 айға дейін
6	«Ақтан» ЖШС	Технолог-менеджер	1	26000	6 айға дейін
7	ЖК «Мырзалин А»	Техник-бағдарламашы	1	26000	6 айға дейін
		маркетинг	1	26000	6 айға дейін

